



Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы іс жүргізу жөніндегі Нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 мамырдағы N 38-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 25 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1584. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 13-2-Ө (V042748) бұйрығымен.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы K010155_ заңнаманың талаптарын және Көліктік бақылау комитетімен және оның аумақтық органдарымен қаралып жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізудің бірыңғай тәртібін сақтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу жөніндегі қоса беріліп отырған **Нұсқаулығы** бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің заңмен, нормативпен қамтамасыз ету және талдау басқармасы (А.Т. Шәкіров) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне бекітуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көліктік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Қ.Б. Есжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Төраға

Келісілді

Көлік және коммуникациялар

Бірінші вице-Министрі

бұйрығымен бекітілген

Көліктік бақылау комитеті

төрағасының 2001 жылғы

15 мамырдағы N 38-п

**Қазақстан
коммуникациялар**

**Республикасының
министрлігі**

**Көлік
Көліктік**

**және
бақылау**

комитетінің және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулық

I-тарау. Жалпы ережелер

1. Көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) және оның аумақтық органдарының қызметі Қазақстан Республикасы бекіткен заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдермен, сондай-ақ халықаралық шарттармен р е т т е л е д і .

2. Осы Нұсқаулық Комитеттің және оның аумақтық органдарының (бұдан әрі - көліктік бақылау органдары) Қазақстан Республикасындағы әкімшіліктік туралы істердің ұйымдастыру нысандары мен әдістерін құқық бұзушылықтар туралы кодексінде (бұдан әрі - Кодекс) белгіленген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің ұйымдастыру нысандары мен әдістерін, оларды қарау, орындау, шағымдану мерзімдеріне бақылау жасауды, сондай-ақ іс жүргізуді ұйымдастыру және қаулылардың негізді қабылдануын және олардың орындалуын, іс жүргізу нысандары мен әдістемелерін регламенттейді K010155_

3. Көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғалары (бұдан әрі - қызметкерлері) Кодекстің 137, 356, 453 (екінші бөлім), 454 (бірінші-үшінші бөлімдер), 502 баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды айқындайды және 439-441, 447-452, 453 (бірінші-үшінші бөлімдерде), 455-460, 463 (жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу бөлімінде), 477 (бірінші-екінші бөлімдерде), 479-481, 488-490 баптарында көзделген әкімшіліктік құқықтық бұзушылықтар туралы істері қарайды.

4. Осы Нұсқаулықтың қолданылуы бақылау жасалуы көліктік бақылау органдардың құзыретіне кіретін кәсіпкерлік және өзге де қызметтерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында көлік кешені саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдерді, Қазақстан Республикасында қабылданған лицензиялық нормаларды және өзге де ережелерді бұзған меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларға, жеке тұлғаларға, шетелдіктерге, шетел заңды тұлғаларына және азаматтығы жоқ тұлғаларға таратылады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жөніндегі көліктік бақылау органдарының негізгі міндеті әлеуметтік әділдікті орнату және құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды заңнамалық талаптарды сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының да басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауын болдырмау.

Көліктік бақылау органдары қызметкерлерімен әкімшілік өндіруді жүзеге асырған кезде әкімшілік өндіру бойынша құжаттамаға сілтемелер тек қана Кодекстің нормаларына болу керек.

2-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық түрлері

6. Көліктік бақылау органдарының қызметкерлері қолданатын әкімшілік жаза түрлеріне мыналар жатады:

- 1) ескерту;
- 2) әкімшілік айыппұл;
- 3) лицензияның белгілі бір қызмет түріне іс-әрекетін тоқтата тұру не белгілі бір іс-әрекеттерді жасау.

7. Қазақстан Республикасының заңнамаларына K010155_ сәйкес көліктік бақылау органдары қарастыратын әкімшілік құқық бұзушылықтарға мыналар жатады:

- 1) темір жол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу (Кодекстің 439-бабы);
- 2) темір жол көлігі құралдарын пайдалану ережелерін бұзу (Кодекстің 440-бабы);
- 3) жалпы пайдаланымдағы көлік құралдары мен оның ішкі жабдықтарын зақымдау (Кодекстің 441-бабы);
- 4) жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдау ережелерін бұзу (Кодекстің 447-бабы); Бұл ретте жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобиль тасымалдарын бұзуға мыналар жатады:

шетелдік тасымалдаушының, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше ескерілмесе, жүктер мен жолаушыларды рұқсатсыз халықаралық тасымалдау;

шетел тасымалдаушысының осы автокөлік құралын тіркеу елі болып табылмайтын мемлекетке берген рұқсат бойынша жолаушылар мен жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауды жүзеге асыру;

шетел тасымалдаушысының тиісті рұқсатсыз үшінші елден/елге тасымалдауды жүзеге асыру;

шетел тасымалдаушысының, егер оған Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің арнайы рұқсаты алынбаған болса, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан екі бекет арасында жолаушылар мен жүктер тасымалын жүзеге асыруы;

отандық және шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы автокөлік қатынасына арналмаған өткізу бекеттері арқылы халықаралық жолаушылар және жүктер тасымалдарын жүзеге асыруы;

шетел тасымалдаушыларының белгіленбеген бағыттар бойынша немесе белгіленген бағыттан ауытқып халықаралық жолаушылар және жүктер тасымалын жүзеге асыруы;

еңбек және демалыс режимін тіркейтін аспаптармен (тахографтармен) жабдықталмаған немесе белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтамаумен

тең, еңбек және демалыс режимін есептеу қағазын жүргізбей автокөлік құралдарымен жүктер мен жолаушылардың халықаралық тасымалдарын жүзеге асыруы ;

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамай жолаушыларды тасымалдау; бағыттарға қозғалыс кестесі мен сызбасын келіспей (шетел тасымалдаушылары үшін Көлік және коммуникациялар министрлігімен, отандық жүк тасымалдаушылар үшін аумағы арқылы жүру бағыты өтетін мемлекеттің құзыретті органымен келісу міндетті) жолаушылар тұрақты тасымалдауы;

халықаралық тұрақты тасымалдарды жүзеге асыру кезінде автобустардың автовокзал (автостанция) мәртебесі берілмеген жерлерден кетуі (келуі);

халықаралық тұрақты тасымалдарды жүзеге асыратын автобустарда бағыттардың бастапқы және соңғы пункттерінің атаулары жазылған алдыңғы және бүйір жақтағы трафареттерінің болмауы;

халықаралық қатынас автобусымен тасымалдайтын осы маркадағы автобустар үшін белгіленген жолаушылар санынан асып кетуі;

тұрақты халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын автобустың белгіленбеген бағытта қозғалуы, қозғалыс кестесін бұзуы;

тасымалдаушының автобустың бұзылуы себебінен жүруді тоқтатқан жағдайда жолаушылардың бағыттың соңғы бекетіне дейін қосымша шығынсыз жетуі жөніндегі міндеттерін орындамауы;

халықаралық қатынас автобустарының құзыретті органмен келісілген автобус қозғалысы кестесінде көрсетілмеген пункттерде жолаушыларды отырғызуы және / немесе түсіруі ;

отандық тасымалдаушының халықаралық қатынас автобустарының санитарлық нормаға сәйкестігі туралы құзыретті органның қорытындысының болмауы ;

халықаралық қатынас автобусы салонында белгіленген нормадан тыс жолаушылар жүгін не өзге де жүкті тасымалдануы;

жолаушылардың халықаралық тұрақсыз тасымалдарын жүзеге асыру кезінде жолаушылар тізімінің болмауы;

автокөлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің танымдық белгісіз жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдарын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік көлік құралдарының тіркеу талонынсыз (рұқсатсыз жүйе қолданылатын тараппен) жүріп өтуі;

5) теңіз көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелердің бұзылуы (Кодекстің 448-бабы);

б) теңіз көлігінде құрылыстардың және дабыл қағу және байланыс құрылғыларының зақымдануы (Кодекстің 449-бабы);

7) теңіз және өзен кемелерінде, сондай-ақ шағын өлшемді кемелерде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелердің бұзылуы (Кодекстің 450-бабы);

8) кемені жүзуге шығару ережелерінің бұзылуы немесе тиісті дипломы (куәліктері) жоқ тұлғаны кемені басқаруға жіберу (Кодекстің 451-бабы);

9) кемені пайдалану ережелерінің бұзылуы, сондай-ақ басқару құқығы жоқ тұлғаның кемені басқаруы (Кодекстің 452-бабы);

10) кеменің кеме жүргізушілерінің (шағын өлшемді кемелерден басқа) қозғалыс және дыбыс және жарықтық дабылдар беру, кемелер жарығын немесе белгілерін алып жүру ережелерін, кемелердің жүк түсіру, тиеу ережелерін бұзуы, сондай-ақ айлақтық немесе гидротехникалық құрылыстар мен жабдықтарды зақымдауы (Кодекстің 453-бабы);

11) шағын өлшемді кемелерді жүргізушілердің шағын өлшемді кемелерді пайдаланудың өзге де ережелерін бұзуы (Кодекстің 453-бабы);

12) ішкі су жолдарында кемені осы кемелерді басқаруға құқығы жоқ және алкогольді, есірткілік немесе уытты мас күйінде тұлғаның басқаруы (Кодекстің 454-бабының төртінші бөлігі);

13) алкогольді, есірткілік немесе уытты мас күйінде тұлғаның кемені басқаруға жіберілуі (Кодекстің 454-бабының бесінші бөлігі);

14) ішкі су жолдарында кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзуы (Кодекстің 455-бабы);

15) өзен кемежайлары мен айлақтарда жүктерді түсіру, тиеу және жинап қою ережелерінің бұзылуы (Кодекстің 456-бабы);

16) шағын өлшемді кемелердің тұрақтары үшін базаларды (құрылыстарды) пайдалану ережелерін бұзу (Кодекстің 457-бабы);

17) кемелерді тіркеу және есепке алу ережелерін, сондай-ақ жасау, техникалық пайдалану ережелерін бұзу (Кодекстің 458-бабы);

18) көлікте арнайы белгіленбеген жерде шылым шегу (Кодекстің 459-бабы);

19) көлікте өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы (Кодекстің 460-бабы);

20) көлік құралдары жүргізушілерінің жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін, қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерін, соның ішінде ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау ережелерін бұзуы (Кодекстің 463-бабы); Бұл ретте бұзылушылықтар болып:

борттық платформасы бар жүк автомобилінің жол қозғалысы ережелеріне сәйкес жабдықталмаған қорабында жолаушыларды тасымалдау;

бағыттық емес автобустарда немесе жабдықталған жүк автомобилінде балаларды тасу кезінде "Балаларды тасымалдау" деген танымдық белгілердің болмауы;

жүргізушілердің жолаушыларды көлік құралдарының толық тоқтауынан

кейін ғана отырғызу және түсіру және тек есік жабылғанда ғана қозғалысты бастауы және оны толық тоқтағанға дейін ашпауы жөніндегі міндеттерін о р ы н д а м а у ы ;

жолаушыларды көзделмеген жерлерде тасымалдау;
жолаушыларды дайындаушы кәсіпорын белгілеген саннан артық тасымалдау;

жүкті осы мақсатқа арналмаған автокөлік құралдарымен, халықаралық автобустармен дайындаушы кәсіпорын белгілемеген орындарда тасымалдау;

тасылатын жүк (жолаушылар) массасының және белдіктер бойынша жүктеменің осы көлік құралы үшін дайындаушы кәсіпорын белгілеген ш а м а л а р д а н а р т у ы ;

ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсаттың б о л м а у ы ;

арнайы рұқсатта көрсетілген жүру бағыты мен кестені сақтамау;
ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарын жабдықтау талаптарының, сондай-ақ жүктерді белгілеу талаптарының с а қ т а л м а у ы ;

21) темір жол көлігінде қауіпті заттар мен қол жүгі бұйымдарын тасымалдау ережелерінің бұзылуы (Кодекстің 477-бабы);

22) теңіз және өзен көлігінде қауіпті заттарды немесе бұйымдарды тасымалдау ережелерінің бұзылуы, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың қауіпті заттармен немесе бұйымдармен операциялардың тиісті құжаттарында тіркеу жөніндегі міндеттерін орындамауы, дұрыс емес жазуларды енгізуі немесе тиісті лауазымдық тұлғаларға осындай құжаттарды көрсетуден бас тарту (Кодекстің 477-бабының екінші бөлігі);

23) билетсіз жүру және жолаушыларды тасымалдау (Кодекстің 479-бабы);

24) төлеусіз теңдеме жүк алып жүрудің белгіленген нормаларынан тыс қол жүктерін алып жүру (Кодекстің 480-бабы);

25) темір жол, теңіз, өзен, автомобиль көлігінде жүктің сақталуын камтамасыз ету ережелерінің бұзылуы (Кодекстің 481-бабы);

26) автокөлік жолдарында бөлінген жиекті қорғау және пайдалану ережелерінің бұзылуы (Кодекстің 488-бабы);

27) жерді пайдаланушылардың автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану және қорғау ережелерін бұзуы (Кодекстің 489-бабы);

28) темір жолды, қорғайтын екпе ағаштарды, қар тоқтату қоршауларын және басқа да жол объектілерін, дабыл қағу және байланыс құрылыстары мен құрылғыларын зақымдау (Кодекстің 439-бабы);

29) темір жол көлігінде жүктерді тиеу және түсіру кезінде белгіленген көлемдерді сақтамау (Кодекстің 439-бабының үшінші бөлігі).

3-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қабылдау

8. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізудің міндеттері әр істің жағдайын дер кезінде, жан-жақты, толық және объективті анықтау, оны Кодекске сәйкес шешу, шығарылған қаулының орындалуын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауды қамтамасыз ету болып табылады К010155_ .

9. Көліктік бақылау органдарында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізу ашық жүзеге асырылады.

10. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда орыс және өзге де тілдер қолданылады .

11. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізу кезінде Кодексті бұзған көліктік бақылау органдарының қызметкерлері заңмен белгіленген жауапкершілікте болады, ал олар қабылдаған кесімдер жарамсыз боп танылады және жоюға жатады .

12. Әкімшілік іс жүргізу барысында құқық бұзушы білікті заңгерлік көмек алуға құқығы бар .

13. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың осы іс оның жүргізуіне жататын көліктік бақылау органында міндетті түрде қаралуға тиісті өтініш беруге құқылы.

14. Көліктік бақылау органының қызметкерлері тиісті әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді дер кезінде және дұрыс қарауды қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жөнінде іс жүргізуді қамтамасыз етудің мынадай шараларын қолдануға құқылы:

- 1) құжаттарды алып қоюға;
- 2) әкімшілік ұстауға;
- 3) көлік құралдарын, шағын өлшемді кемелерді тексеруге;
- 4) кеме жүргізуден шеттету және алкогольді, есірткілік және уытты мас күйінің жай-күйін медициналық куәландыруға жіберуге;
- 5) көлік құралдарын, шағын өлшемді кемелерді ұстауға;
- 6) үй-жайды, аумақтарды, онда тұрған көлік құралдарын және тиісті құжаттарды қарауға .

15. Көліктік бақылау органдарының қызметкері құжаттарды алып қойған кезінде хаттама жасалады (2-Қосымша), соған қатысты іс жүргізіліп отырған тұлғаға немесе оның заңды өкіліне хаттама көшірмесі табыс етіледі немесе әкімшілік іс жүргізу туралы хаттамада тиісті жазу жазылады.

16. Құжаттарды алып қою хаттамасында: алынған құжаттардың түрі және деректемелері, алынған құжаттардың саны, өзге де бірегейлендіру белгілері

туралы мәліметтер көрсетіледі.

17. Хаттамаға оны жасаған көліктік бақылау органының қызметкері, оның тиісті құжаттары алынған тұлға, куәгерлер қол қояды. Тиісті құжаттары алынған тұлға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазу жазылады.

18. Алынған құжаттар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс қаралғанға дейін Комитетте немесе оның аумақтық органында сақталады. Іс қаралғаннан кейін құжаттар иесіне қайтарылады.

19. Осы Нұсқаулықтың 34-тармағында көрсетілген жағдайларда әкімшілік жаза қолданған көліктік бақылау органдары хаттама жазған орында әкімшілік ұстау жасаулары мүмкін. Әкімшілік ұстау 3 сағаттан артыққа созылу мүмкін е м е с .

20. Шағын өлшемді кемелерді ұстау туралы белгіленген нысандағы (3-Қосымша) кесім жасалады және әкімшілік бұзушылықтар туралы хаттамаға қ о с ы л а д ы .

21. Ұсталған шағын өлшемді кемелерді сақтау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

22. Көліктік құралдарды, шағын кемелерді тексеру туралы хаттама (4-Қосымша) жасалады. Осы хаттаманың көшірмесі тексеруге жатқызылған көлік құралдарына, шағын өлшемді кемеге билік ететін тұлғаға, оның заңды өкіліне т а п с ы р ы л а д ы .

23. Қажетті жағдайларда көліктік құралдарымен шағын өлшемді кемелерді тексеру кезінде анықталған заттарды белгілеу мақсатымен олардың фото-, кино түсірулері, бейнежазбалары жасалады, ол туралы хаттамада заттық айғақтарды белгілеу құралдарын қоса берумен тиісті жазу жазылады.

24. Көлік құралдарын, шағын өлшемді кемелерді тексеру хаттамасында: оның жасалу күні мен орны, хаттаманы жасаған тұлғаның лауазымы, аты-жөні, тегі, көлік құралының, шағын өлшемді кеменің иесі туралы мәлімет, қызметі, меншік иесі туралы мәліметтер, көлік құралдары мен кеменің мемлекеттік түрі, маркасы, моделі, түрі және өзге де ұқсатушылық белгілері көрсетіледі.

25. Көлік құралдары мен шағын кемелерді байқау хаттамасына оны жасаған көліктік бақылау органының лауазымды қызметкері, оған қатысты іс бойынша іс жүргізілген тұлға, байқауға тартылған көлік құралының (шағын өлшемді кеменің) иесі немесе оның заңды өкілі және куәлер қол қояды. Іс қозғалған тұлға хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда ол жөнінде хаттамаға тиісті жазу ж а з ы л а д ы .

26. Көліктік бақылау комитетінің қызметкері кеме басқарушыны мас күйде деп болжауға толық негіз болғанда кеме жүргізуден шеттетуге және мас күйін к у ә л а н д ы р у ғ а ж і б е р е д і .

27. Шағын өлшемді кемені басқарудан шеттету туралы, сондай-ақ мас күйін

куәландыруға жібергені туралы әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасында көрсетіледі.

28. Аумақтарда, үй-жайларды және ол жерлердегі көлік құралдары мен тиісті құжаттарды байқау заңды тұлғаның өкілінің, екі куәнің қатысуымен жүзеге асырылады.

Байқау жасалғандығы туралы хаттама (5-Қосымша) жазылады. Оның көшірмесі заңды тұлғаның өкіліне табыс етіледі.

Байқау хаттамасында оны жүргізу барысында фотоға, киноға түсіру, бейнежазу, басқа да құжаттарды бекіту әдістерінің қолданғандығы туралы жазу жазылады. Фотоға, киноға түсіру, бейнежазуға және өзге де айғақтық затты бекіту барысында алынған материалдар қоса беріледі.

Аумақтарда, үй-жайларды, тауарларды, заңды тұлғаға тиесілі өзге де мүліктерді, құжаттарды байқау хаттамасына, сондай-ақ оны жазған заңды өкіл немесе кейінге қалдыру мүмкін емес жағдайда заңды тұлғаның өзге де қызметкері және куәлер қол қояды. Заңды өкіл немесе көрсетілген заңды тұлғаның өзге қызметкері қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл жөнінде хаттамаға тиісті жазу жазылады.

4-тарау. Хаттама жазу тәртібі

29. Тексерулер барысында, соның ішінде көліктік бақылау постыларында осы Нұсқаулықтың 3-тармағында көрсетілген Кодекстің баптары бойынша бұзушылық фактілері байқалған кезде Кодекстің 635-бабы негізінде көліктік бақылау органының қызметкері белгіленген үлгіде (1-қосымша) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

30. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасында:

1) жасалу күні мен орыны, хаттама жасаушы тұлғаның лауазымы, аты-жөні мен тегі;

2) іс қозғалған тұлға туралы қатысты мәліметтер;

3) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орыны, уақыты және мәнісі;

4) құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік көздейтін Кодекстің айрықша бөлігіндегі бап;

5) егер болса, куәгерлердің және жәбірленушілердің аты-жөні, мекен-жайы;

6) оған қатысты іс қозғалған тұлғаның түсініктемесі;

7) метрологиялық салыстырудың атауы, нөмірі, күні, егер ол әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау және тіркеу кезінде пайдаланылған болса техникалық құралдың көрсеткіштері;

8) істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі.

31. Оған қатысты іс қозғалған тұлғаға, сондай-ақ куәгерлерге хаттама жасалғаннан кейін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаралатын орны мен уақыты хабарланады, олардың Кодекстің 584-бабында көзделген міндеттер мен

құқықтар түсіндіріледі. Бұл туралы хаттамаға белгі қойылады.

32. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаға оны жасаған тұлға, әкімшілік құқық бұзған тұлға, куәгерлер, айғақтар қатысқан жағдайда олар қол қояды.

33. Оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық іс қозғалған тұлға немесе оның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың расталған көшірмесі беріледі. Көрсетілген тұлғалар хаттаманың мазмұны бойынша осы хаттамаға қоса берілетін түсініктеме және түсіндірме беруге, сондай-ақ, оған қол қоюдан өзінің бас тарту уәжін түсіндіріп жазуға құқылы. Осы тұлғалар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда онда тиісті жазу жасалады.

34. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама жасалғаннан кейін бір тәулік ішінде құқықтық бұзушылықтардың жасалған жері бойынша көліктік бақылау органына қарау үшін жіберіледі.

Кодекстің мынадай баптары бойынша жасалынған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі хаттамалар қарау үшін сот органдарына жіберіледі:

1) 137 (кәсіпкерлікпен және өзге де қызметпен тиісті тіркеусіз немесе лицензиясыз, біліктілік аттестатынсыз (куәліксіз) айналысу);

2) 356 (көліктік бақылау органдарының қызметкерлеріне олардың қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіру, ұйғарымды немесе өзге де талаптарды орындамау);

3) 453 (шағын өлшемді кемелерде кеме басқарушылардың белгіленген жылдамдықты арттыруы, навигациялық белгілердің талаптарын сақтамауы, тыйым салынған орындарда кемең әдейі тоқтауы немесе тұруы, гидротехникалық құрылғылардың немесе техникалық құралдардың және кеме жүзу белгілері мен навигациялық жай-күйін зақымдау, маневр жасау, дыбысты дабыл беру, жақтаулық шамдар мен белгілерді алып жүру тәртібін бұзу);

4) 454 (кеме басқарушылардың кемең алкогольдік, есірткілік немесе уыттық мас күйінде басқаруы, сондай-ақ мұндай кемең басқаруды алкогольдік, есірткілік немесе уыттық мас күйдегі, жолаушылардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін кеме басқарушыға беру. Кеме басқарушының алкогольдік, есірткілік немесе уыттық мас күйін куәландырудан өткізуден жалтаруы);

5) 502 (ұйымдардың лауазымды тұлғаларының мүгедектердің қол жеткізуі мен пайдалануы үшін жұмыс істеп тұрған көлік, байланыс және ақпарат құралдарын, тұрғын үй-жайлар мен әлеуметтік инфрақұрылымның басқа да объектілерін бейімдеу жөніндегі шараларды орындамауы, сондай-ақ мүгедектердің осы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті қаржыларды жергілікті бюджетке аударудан жалтаруы).

35. Көліктік бақылау органының қызметкері Кодекстің 447, (жолаушылар мен

жүктерді халықаралық тасымалдау ережелерінің бұзылуы), 463 (ірі ауқымды және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау ережелерінің бұзылуы бөлігінде) - баптары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде хаттама жасау кезінде құқық бұзушыға тікелей орнында (құқық бұзушылық анықталған) айыппұл түрінде хаттама жасап, түбіршек беріп әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Көліктік бақылау органының қызметкері әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаға әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орында айыппұлды төлету кезінде қатаң қаржылық есеп беру құжаты болып табылатын, белгіленген үлгідегі түбіршекті береді. Түбіршекте берілген уақыты, жаза салған лауазымды тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаның жеке басы туралы мәлімет, осы құқық бұзушылық үшін жауапкершілік көзделінетін Кодекстің бабы, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау орны мен уақыты, салынған әкімшілік айыппұлдың сомасы көрсетіледі. Түбіршекке жаза салған лауазымды адам, ал түбіршек түбірегінде жаза салған лауазымды адам және әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамның қолдары қойылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орында айыппұл түрінде өндірілген қолма-қол ақшалай қаржылар банк мекемелері арқылы үш тәулік ішінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттің тиісті шотына салуға жатады. Ақшалай қаржылардың бюджетке салынғандығы туралы банкінің түбіршегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса тіркеледі.

5-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарау

36. Көліктік бақылау органдары әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді олардың жасалу орны бойынша қарайды.

37. Кодекстің 463 (жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерінің бұзылуы бөлігінде), 477 (бірінші, екінші бөлімдері), 479-481-баптарымен көзделінген әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер, сондай-ақ көлік құралдарының, оның ішінде шағын өлшемді кемелердің есепте тұрған орны бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізілуге қатысты тұлғаның тұрған орны бойынша қаралуы мүмкін.

38. Әкімшілік құқық бұзу туралы істі қарауға дайындық кезінде көліктік бақылау органының қызметкері (Комиссия) мынадай мәселелерді анықтайды:

- 1) бұл істі қарау көліктік бақылау органының құзырына жатады ма;
- 2) бұл істі комиссияда қарау мүмкіндігінен айыратын жағдайлар бар ма;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы және басқа да хаттамалар, сондай-ақ Кодексте көзделінген істердің өзге де материалдары дұрыс жазылды ма;
- 4) іс бойынша іс жүргізуден айыратын жағдайлар, сондай-ақ тұлғаны әкімшіліктік жауапкершілікке тартпауға мүмкіндік тудыратын жағдайлар бар ма;

5) өтінім және бас тарту бар ма;
6) Кодекстің 584-588-баптарында көрсетілген тұлғалар істері қаралатын орын және уақыты туралы хабарланды ма.

39. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға дайындық кезінде көліктік бақылау органының қызметкері (Комиссия) мынадай шешімдер қабылдайды:

- 1) істі қараудың уақыты мен орнын тағайындау туралы;
- 2) тұлғаларды шақыру, іс бойынша қажет қосымша материалдардың талап етілуі туралы;
- 3) істі қарауды кейінге қалдыру туралы;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың және істің басқа да материалдарының дұрыс ресімделмеуі не іс қарау кезінде толықтырылу мүмкіндігі жоқ материалдардың толық болмау жағдайларында құқық бұзушылық туралы хаттаманы және басқа да материалдарды жасаған көліктік бақылау орган қызметкеріне қайтару туралы;

5) істі қарау үшін оның жасалған орны бойынша, көлік құралдары, оның ішінде шағын өлшемді кемелер есепте тұрған орны немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізілуге қатысты тұлғаның тұрғылықты жері бойынша мәнісі жөнінде қарау үшін істі табыстау туралы;

6) Кодекстің 580-581-баптарында көзделінген жағдайлар бар болған кезде іс жүргізуді тоқтату туралы.

Осы Нұсқаулықтың 40-тармағының 1)-5)-тармақшаларына сәйкес шешімдер ұйғарымдар түрінде шығарылады.

Осы Нұсқаулықтың 40-тармағының 6)-тармақшаларына сәйкес шешімдер қаулы түрінде шығарылады.

40. Жауапкершілікке тартылған тұлғаның, оның заңды өкілінің, куәгердің уәжді себептерсіз келмей қалуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қайта қарауға дайындау кезінде көліктік бақылау органының қызметкері (Комиссия) Кодекстің 584-бабының төртінші бөлігінде, 594-бабының бесінші бөлігінде көзделінген жағдайларда көрсетілген тұлғаларды еріксіз келтіру жөнінде ұйғарым шығаруға құқылы.

Еріксіз келтіруді ішкі істер органы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы көліктік бақылау органының ұйғарымы негізінде жүргізеді.

41. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер көліктік бақылау органдарына әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар мен істің басқа да материалдары түскеннен кейін он бес күннің ішінде қаралады.

42. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардан өтініш түскен жағдайда немесе істің жағдайын қосымша анықтау қажет болған кезде іс қарау мерзімі ұзартылады, бірақ ол бір айдан

а с п а у ы

к е р е к .

43. Көліктік бақылау органының қызметкері (Комиссия) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскенде:

1) істі кім қарайтынын, қандай іс қарауға жататынын, жауапкершілікке кім және Кодекстің қандай бабы негізінде тартылатынын хабарлайды;

2) әкімшілік жауапкершілікке тартылатын жеке тұлғаның немесе тұлғаның заңды өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысушы өзге де тұлғалардың келгендігіне көз жеткізеді;

3) іс бойынша істі жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды, жеке немесе заңды тұлғаның заңды өкілдерінің, қорғаушының және уәкілетті өкілдің өкілеттілігін тексереді;

4) іс бойынша істі жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және көрсетілген тұлғалардың қатысуынсыз істі қарауға немесе істі қарау уақытының кейінге қалдырылуы туралы шешім қабылдайды;

5) қажет болған жағдайларда іс қарау кезінде қатысуы міндетті тұлғаны еріксіз келтіру туралы ұйғарым шығарады, аудармашыны тағайындайды;

6) істі қарауға қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

7) мәлімделген бас тартулар мен өтінімдерге рұқсат береді;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, ал қажет болған жағдайда істің өзге де материалдарын жариялайды;

9) мына жағдайларға:

істі қараушы лауазымды тұлғаның өзіне-өзі қарсы болу немесе өзіне-өзі қарсы болу, сондай-ақ Комиссия мүшесінің, егер мәнісі бойынша істі қарауға кедергі келтіретін жағдайда оның қарсы болуы туралы өтінішіне;

қорғаушының, уәкілетті өкілдің, сарапшының немесе аудармашының қарсы болуына, егер көрсетілген қарсы болушылық мәні бойынша істің қаралуына кедергі келтіретіндей болса;

істі қарауға қатысушы тұлғалардың келуі немесе іс бойынша қосымша материалдардың талап етілу қажеттілігіне байланысты істі қараудың кейінге қалдырылуы туралы ұйғарым шығарады.

Қажет болған жағдайда сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады;

10) осы Кодекстің 646-бабында көзделген жағдайларда істің мәнісі бойынша қарау үшін істі беру туралы ұйғарым шығарады.

44. Көліктік бақылау комитетінің қызметкері (Комиссия) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарай отырып мына қаулылардың бірін шығарады:

1) әкімшілік жаза салу туралы;

2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату;

3) осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін жазаның өзге түрін немесе

мөлшерін салуға құқықтық өкілеттілігі бар судьяға, органға (лауазымды тұлғаға) қарауға істі беру туралы, сондай-ақ істі қарауға көлік құралдары (оның ішінде шағын кеме) есепте тұратын орын бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысты тұлғаның тұрғылықты жеріне беру т у р а л ы .

45. Іс бойынша істі жүргізуді тоқтату туралы қаулы мынадай жағдайларда шығарылады :

1) іс бойынша іс жүргізуге кірмейтін Кодекстің 580-бабында көзделген жағдайлардың болуы ;

2) әкімшілік жауапкершілікке тартпауға мүмкіндік беретін Кодекстің 581-бабында көзделген жағдайлардың болуы.

46. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы белгіленген үлгіде (6-қосымша) жасалады және уәжді болуы және мыналарды қамтуы тиіс:

1) қаулыны шығарған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, комитеттің немесе оның аймақтық органының атауы;

2) істің қаралған күні және орны;

3) оған қатысты іс қаралған тұлға туралы мәлімет;

4) әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті көздейтін Кодекстің бабы ;

5) істі қарау кезінде белгілі болған жағдайлар;

6) іс бойынша шешім ;

7) қаулыға шағымдану тәртібі мен мерзімдері.

Қаулыда сол сияқты алынып қойылған құжаттар туралы мәселе шешілуі тиіс.

47. Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі қаулы істің қаралып болуы бойынша тез жарияланады .

48. Қаулының көшірмесі оған қатысты шығарылған жеке тұлға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне және сол сияқты жәбірленушіге, жеке тұлғаның заңды өкіліне олардың өтініші бойынша тапсырылады. Көрсетілген тұлғалар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі .

49. Әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде ұйғарым шығарылған жағдайда, шағымданудың тәртібі мен уақытын қоспағанда, онда осы Нұсқаулықтың 46-тармағында көзделген мәліметтер көрсетілуі тиіс.

50. Қаулыға шағымдану және прокурор наразылық білдірген кезде, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жерде әкімшілік айыппұл салу жағдайларын қоспағанда, шағым немесе наразылық қаралғанға дейін ол тоқтатыла тұруға жатады.

6-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының орындалуы

51. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза Кодексте белгіленген ш е к т е р д е с а л ы н а д ы .

Әкімшілік жаза айыппұл түрінде салынған жағдайда құқық бұзушы оған қаулы тапсырылған күннен бастап 30 күн ішінде не Кодекстің 701-бабында көзделген мұрсат мерзімі біткен күннен бастап көрсетілген соманы төлеуге м і н д е т т і .

52. Айыппұл өз еркімен төленбеген жағдайда қаулы Кодексте көзделген тәртіпте оны мәжбүрлі орындату үшін сотқа жіберіледі.

53. Әкімшілік құқық бұзушының айыппұл төлеуі - әкімшілік құқық бұзу туралы қаулыны орындау жөніндегі іс жүргізуді ақтауға негіз болып табылады. Айыппұл өндіру жөніндегі қаулының орындалуының айғағы - құқық бұзушының айыппұл төлегендігі жөнінде түбіршекті көрсетуі немесе құқық бұзушының жұмыс орны бойынша бухгалтериясынан қаулымен бірге уақыты, тіркеу саны көрсетілген тиісті белгімен төлем құжатының қайтарылуы болып табылады.

Құқық бұзушының айыппұл төлеуі оны орын алған бұзуларды жою м і н д е т і н е н б о с а т п а й д ы .

54. Комиссия әкімшілік құқық бұзушылықты тудырған себептер мен жағдайларды анықтаған кезде тиісті ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға оларды жою т у р а л ы ұ с ы н у ж а с а й д ы .

Ұйым басшылары мен басқа да лауазымдық тұлғалар бір ай ішінде ұсыну жасаған Комиссияға қабылданған шара туралы хабарлауға міндетті.

55. Жеке кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғаның қызметтің белгілі бір түрмен айналысуға берілген лицензиядан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру туралы қаулы лицензияны берген көліктік бақылау органының қызметкерлерімен о р ы н д а л а д ы .

56. Қазақстан Республикасының басқа аймағында тұратын және жұмыс істейтін тұлғаға қатысты іс қаралған жағдайда қаулының көшірмесі қаулының орындалуы жөніндегі бақылауды жүзеге асыру үшін құқық бұзушы тұратын а й м а қ т ы қ о р г а н ғ а ж і б е р і л е д і .

57. Егер әкімшілік жаза салу туралы қаулы ол заңды күшіне енген күнінен бастап бір жылдың ішінде орындалмаса, орындауға жатпайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық ісі жөніндегі қаулы оның көшірмесі тапсырылған немесе алынған күннен бастап 10 күн ішінде немесе шағым (қ а р с ы л ы қ) б о й ы н ш а а н ы қ т а у ш ы ғ а р ы л ғ а н н а н к е й і н д е р е у з а ң д ы к ү ш і н е е н е д і .

7-тарау. Комитеттің немесе оның аумақтық органдарының қаулыларына шағым беру және қарсылық білдіру тәртібі

58. Шешімдері түпкілікті болып табылатын айыппұл салу, лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және басқа да әкімшілік жазалар туралы қаулыға Комитетте немесе сотта шағымдануға немесе наразылық білдіруі мүмкін емес.

59. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға оған қатыста әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлға, жәбірленуші, жеке және заңды тұлғаның заңды өкілі, қорғаушы, сондай-ақ прокурор қаулының көшірмесін алғаннан кейін 10 күн ішінде шағымдануға жатады.

60. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісі бойынша қаулыға шағымдану немесе прокурордың наразылығын Комитет 10 күндік мерзімде қарайды. Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым Комитетке және сотқа бір мезгілде түссе, шағымды сот қарайды.

61. Қаралған шағым жөнінде Комитет қабылдаған шешім жазбаша түрде ресімделеді және шағым иесі мен қаулы шығарған көліктік бақылау органына жіберіледі.

Шағым, наразылық қарау қорытындылары бойынша шығарылған шешім әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға арналған шағым (наразылық) жөніндегі анықтама түрінде шығарылады (7-Қосымша).

Комитеттің әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісі бойынша қаулыға шағым (наразылық) жөніндегі Комитеттің анықтамасына азаматтық процессуалдық заңнамада белгіленген тәртіппен сотта шағым берілуі (наразылық білдірілуі) мүмкін.

Шағымды (наразылықты) қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда баяндалған істің нақты жай-күйі туралы қорытындылары шағымды, қарсылықты қарау кезінде зерделенген дәлелдерге сәйкес келмейтінін анықтаған Комитеттің лауазымды тұлғасы бұл қаулының күшін түгелдей немесе ішінара жоюды және шағымды (наразылықты) қарау нәтижелеріне сәйкес жаңа қаулы шығарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға арналған шағым (наразылық) жөніндегі анықтаманың көшірмесі ол шығарылғаннан кейін үш тәуліктік мерзімде оған қатысты іс бойынша қаулы шығарылған тұлғаға, жәбірленушіге, олар шағым берген жағдайда, немесе олардың өтініші бойынша наразылық жазған прокурорға жіберіледі.

Тұлғаны ақтау туралы шешім қабылдаған Көліктік бақылау органы одан келтірілген зиян үшін ресми түрде кешірім сұрауға міндетті.

Егер ақтау немесе зиянды өтеу туралы талап қанағаттандырылмаған болса не тұлға қабылданған шешіммен келіспейтін болса, ол азаматтық іс жүргізу тәртібінде сотқа жүгінуге құқылы.

8-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс қағаздарын жүргізу

62. Осы Нұсқаулықта көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі іс қағаздарын жүргізу кезінде көліктік бақылау органдары қолданатын хаттамалар, айыппұл түбіршегі мен қаулылардың қатаң есептегі бланкілері болып табылады

және олар Комитеттің жанында орталықтандырылған тәсілмен мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады.

Хаттамалардың, айыппұл түбіршектердің және қаулылардың дайын бланкілерінде баспаханалық есептік сериясы мен нөмірлері болуы тиіс.

63. Көліктік бақылау органдарының басшылары осы Нұсқаулықтың 64-тармағында көрсетілген қатаң есептегі бланкілердің сақталуын және өз мақсатында пайдалануын бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

64. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаға жасалған хаттамаларды, қаулыларды және кесімдерді есепке алу журналдары Комитет немесе оның аймақтық органы басшысының бұйрығымен белгіленген жауапты тұлғада сақталуы және бауланған, нөмірленген және сол органның мөрімен бекітілген болуы тиіс.

65. Хаттамалардың, қаулылардың бланкілері жоғалған жағдайда кесім жасалады. Жоғалтуға жол берген кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Хаттамалардың, қаулылардың және басқа да кесімдердің бланкілері бүлінген немесе пайдаға жарамайтын кезде олардың белгіленген тәртіппен қатардан шығару туралы кесім жасалады.

Жарамсыз қатаң есептік бланкілерді жою белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Төрағасының
Көліктік бақылау комитеті 2001 жылғы 15 мамырдағы
N 38 - п бұйрығымен
бекітілген Нұсқаулыққа

_____ 1-қосымша
(аумақтық басқарманың атауы)

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

ХАТТАМА

N___сериясы_____

200 жылғы "___" _____

(жасалған күні)

(жасалған орны)

Мен _____

(атқаратын лауазымы, аты-жөні)

тексеру кезінде _____

(заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаның атауы, РНН,

_____ орналасқан жері, телефоны, факсы, банкідегі шот нөмірі мен әділет

_____ органдарында және т.б. мемлекеттік тіркелуі; жеке тұлғалар үшін -

_____ аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны толығымен, үй және жұмыс телефоны,

тұрғылықты мекен-жайы, РНН, төлқұжаттық мәліметтері және т.б.)

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

(бұзушылықтың егжей-тегжейлі құрамы, оның жасалған уақыты, кезеңі

ж ә н е о р н ы)

Жоғарыда айтылған факт бұзушылық болып табылады _____

(бұзылған нормативтік құқықтық кесімдердің атауы, баптардың нөмірлері)

Көрсетілген бұзушылықтарға жол бергендер _____
(заңды тұлғалар үшін - заңды

тұлғаның атауы, РНН, орналасқан жері, телефоны, факсы, банкідегі

шот нөмірі мен әділет органдарында және т.б. мемлекеттік тіркелуі;

жеке тұлғалар үшін - аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны толығымен, үй

және жұмыс телефоны, тұрғылықты мекен-жайы, РНН, төлқұжаттық мәліметтері және т.б.)

және кесімдерде жазылды _____

(кесімнің толық атауы және жасалған күні)

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысты тұлғаға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің К010155_ 584-бабында көзделінген оның құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Бұзушының түсініктемесі қоса беріледі.

Түсініктемені қабылдадым _____

(лауазымы және аты-жөні) (қолы)

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалды қарау үшін 200__
жылғы " __ " _____ сағат _____ келу керек.

Куәлер (куәгерлер):

1. _____

(хаттаманы жасауға қатысқан тұлғалардың (қолы, күні)

2. _____
аты-жөні, төлқұжаттық мәліметтері _____ (қолы, күні)
Хаттаманың көшірмесін алдым. _____
(бұзушының қолы)
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті
Көліктік бақылау комитеті Төрағасының
2001 жылғы 15 мамырдағы
N 38 - п б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген Нұсқаулыққа
(аумақтық басқарманың атауы) 2-қосымша

**Құжаттамаларды және өзге де мүліктерді алудың
ХАТТАМАСЫ**

N _____ сериясы _____
200 жылғы " ____ " _____
(жасалған күні) (жасалған орны)
Мен (біз) _____
(хаттаманы жасаушы тұлғалардың аты-жөні, лауазымы)
" ____ " сағат " ____ " минуттан бастап " ____ " сағат " ____ " минутқа дейін
Куәлердің (куәгерлердің) қатысуымен:

1. _____
_____ мекен жайда тұрушы
төлқұжатының деректері: _____

2. _____
_____ мекен жайда тұрушы
төлқұжатының деректері: _____

(Құжаттамаларды және өзге де мүліктерді алу орыны, объектінің дәл

_____ мекен жайы, РНН жеке немесе заңды тұлғаның толық мекен-жайы, иелігі)

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы
Кодексінің 628-бабы немесе 632 бабына (астын сызыңыз) сәйкес мынадай
мүліктердің _____ алынуы _____ жүргізілді:

_____ (алынған құжаттардың түрлері мен деректемелері, алынған құжаттардың

өзге де ұқсастырылған белгілері, көліктік құралдардың тұрпаты,

маркісі мен үлгісі туралы мәліметтер)

Жоғарыда санамаланған тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттері туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 584, 594, 595-баптарымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы түсіндірілді.

Хаттаманы жасаған (дар): _____

(лауазымы, аты-жөні, қолы)

Хаттаманы оқыдым және қол қойдым: _____

(әкімш. құқық бұзушылық жасаған тұлғаның аты-жөні, қолы)

Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда: _____

(тиісті жазу)

1. _____

(қолы) (алу кезінде болған тұлғалардың аты-жөні, қолы)

2. _____

(алу кезінде болған тұлғалардың аты-жөні, қолы)

Хаттаманың көшірмесін алдым (алдық): _____

(аты-жөні, қолы, күні)

Ескертпе: Көлік және коммуникация саласындағы органның қызметкеріне олардың құзыреттілігіне сәйкес қызметін орындауда заңсыз бөгет жасағаны үшін жеке немесе заңды тұлға олардың меншік түрінің тұрпаты мен нысанынан тәуелсіз Қазақстан Республикасы Кодексінің K010155_ 536 бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Көліктік бақылау комитеті

Көліктік бақылау комитеті Төрағасының
2001 жылғы 15 мамырдағы
N 38 - п бұйрығымен
бекітілген Нұсқаулыққа

_____ (аумақтық басқарманың атауы)

3-қосымша

Көлік құралын ұстау туралы

КЕСІМ

N _____ сериясы _____

200 жылғы " _____ " _____

(жасалған күні)

(жасалған орны)

Мен, _____

(аты-жөні)

қаласы Көліктік бақылау басқармасының _____

(лауазымы)

Төмендегі куәлердің (куәгерлердің) қатысуымен:

1. _____
(аты-жөні, төлқұжаттық деректер, мекен-жайы)

2. _____
(аты-жөні, төлқұжаттық деректер, мекен-жайы)

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 632-бабына сәйкес _____

_____ тәрпаттағы N _____
автокөлік құралын ұстауды жүргіздік.

Көлік құралында мынадай заттар болды: _____

Жоғарыда аталған тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 584, 594, 595-баптарында көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Кесімді жасаған(дар) _____
(лауазымы, аты-жөні, қолы)

Хаттаманы оқыған және қол қойған _____
(әкімш. құқық бұзушылық жасаған тұлғаның аты-жөні және қолы)

Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда _____
(тиісті жазу жазылады)

Хаттамамен танысқан куәгерлер:

1. _____
(қолы) (ұстау кезінде қатысқан тұлғалардың аты-жөні)

2. _____
(қолы) (ұстау кезінде қатысқан тұлғалардың аты-жөні)

Кесімнің көшірмесін алдым _____
(аты-жөні, қолы, күні)

Ескерту: Көлік және коммуникация саласындағы қызметкердің оның құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндеттерін атқаруға заңсыз бөгет жасағандық үшін заңды және жеке тұлғалар олардың меншік түрі мен нысандарына қарамастан Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің K010155_ 536-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Көліктік бақылау комитеті

Көліктік бақылау комитеті Төрағасының
2001 жылғы 15 мамырдағы

_____ (аумақтық басқарманың атауы) 4-қосымша

Көліктік құралдарды, шағын кемелерді тексеру
ХАТТАМАСЫ

№__ сериясы _____

2001 жылғы "___" _____

(жасалған күні) (жасалған орны)

Мен (біз) _____

(хаттаманы жасаушы тұлғалардың аты-жөні, лауазымы)

"___" сағат "___" минуттан бастап "___" сағат "___" минутқа дейін

Куәлердің (куәгерлердің) қатысуымен:

1. _____
_____ мекен жайда тұрушы
төлқұжатының деректері: _____

2. _____
_____ мекен жайда тұрушы
төлқұжатының деректері: _____

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы
Кодексінің 627-бабына сәйкес: _____ тиесілі
(көлік құралының иесі туралы мәліметтер)

_____ (көліктік құралдардың, шағын кемелердің тұрпаты, маркасы, үлгісі,
_____ мемлекеттік тіркеу нөмірі және өзге де ұқсастырылған белгілері
_____ туралы мәліметтер)
тексеру жүргізілді.

Көліктік құралдарды, шағын кемелерді тексеру барысында:
фото- және түсірулер, таспа жазбалар (керегінің астын сызыңыз)
қ о л д а н ы л д ы .

Жоғарыда санамаланған тұлғаларға олардың құқықтары мен
міндеттері туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің К010155_ 584,
594, 595 баптарымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы
түсіндірілді. Хаттаманы жасаған (дар): _____

(лауазымы, аты-жөні, қолы)

Хаттаманы оқыдым және қол қойдым: _____

(әкімш. құқық бұзушылық жасаған тұлғаның аты-жөні, қолы)

Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда: _____

(тиісті жазу)

3. _____

(қолы) (алу кезінде болған тұлғалардың аты-жөні, қолы)

4. _____

(алу кезінде болған тұлғалардың аты-жөні, қолы)

Хаттаманың көшірмесін алдым (алдық): _____

(аты-жөні, қолы, күні)

Ескертпе: Көлік және коммуникация саласындағы органның қызметкеріне олардың құзыреттілігіне сәйкес қызметін орындауда заңсыз бөгет жасағаны үшін жеке немесе заңды тұлға олардың меншік түрінің тұрпаты мен нысанынан тәуелсіз Қазақстан Республикасы Кодексінің К010155_ 536 бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Көліктік бақылау комитеті

Көліктік бақылау комитеті
Төрағасының

2001 жылғы 15 мамырдағы

№ 38-п бұйрығымен

бекітілген Нұсқаулыққа

_____ 5-қосымша
(аумақтық басқарманың атауы)

Заңды тұлғаның аумағын, үй-жайын және өзге де мүліктерін байқау

ХАТТАМАСЫ

№ ___ сериясы _____

200 жылғы "___" _____

(жасалған күні)

(жасалған орны)

Мен (біз) _____

(хаттаманы жасаушы тұлғалардың аты-жөні, лауазымы)

"___" сағат "___" минуттан бастап "___" сағат "___" минутқа дейін

Куәлердің (куәгерлердің) қатысуымен:

1. _____

_____ мекен жайда тұрушы

төлқұжатының деректері: _____

2. _____

_____ мекен жайда тұрушы

төлқұжатының деректері: _____

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 631-бабына сәйкес: _____

(заңды тұлға туралы және оның заңды өкілі туралы мәліметтер)

(байқалған аумақтар, үй-жайлар және өзге де мүліктер, тауарлар мен басқадай заттардың түрлері, саны ұқсастыру сипаттары, құжаттардың түрлері мен деректемелері туралы мәліметтер) тексеру жүргізілді.

Көліктік құралдарды, шағын кемелерді тексеру барысында: фото- және түсірулер, таспа жазбалар (керегінің астын сызыңыз) қолданылды.

Хаттаманы жасаған (дар): _____
(лауазымы, аты-жөні, қолы)

Хаттаманы оқыдым және қол қойдым: _____
(әкімш. құқық бұзушылық жасаған тұлғаның аты-жөні, қолы)

Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда: _____
(тиісті жазу)

5. _____
(қолы) (алу кезінде болған тұлғалардың аты-жөні, қолы)

6. _____
(алу кезінде болған тұлғалардың аты-жөні, қолы)

Хаттаманың көшірмесін алдым (алдық): _____
(аты-жөні., қолы, күні)

Ескертпе: Көлік және коммуникация саласындағы органның қызметкеріне олардың құзыреттілігіне сәйкес қызметін орындауда заңсыз бөгет жасағаны үшін жеке немесе заңды тұлға олардың меншік түрінің тұрпаты мен нысанынан тәуелсіз Қазақстан Республикасы Кодексінің К010155_ 536 бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	Көліктік бақылау комитеті
Көліктік бақылау комитеті	Төрағасының
	2001 жылғы 15 мамырдағы
	№ 38 - п бұйрығымен
	бекітілген Нұсқаулыққа

_____ б-қосымша
(аумақтық басқарманың атауы)

**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша
ҚАУЛЫ**

N _____ сериясы _____

200 жылғы " ____ " _____

(жасалған күні) (жасалған орны)

Мен _____

(лауазымы, облысы, қаласы, аты-жөні)

(аты-жөні, заңды тұлғаның атауы)

(жеке тұлғалар үшін лауазымы, жұмыс орны толық көрсетіледі)
қатысты N ____ сериясы _____ 200 ____ жасалған әкімшілік құқық
бұзушылық туралы хаттаманы және оған қоса берілген материалдарды
қарай келіп,

АНЫҚТАДЫМ:

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының
Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің ____ бабын басшылыққа
а л а о т ы р ы п ,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

РНН _____

(Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған заңды тұлғаның атауы,

жеке тұлғаның аты-жөні, жұмыс орны)

(бұзылуы орын алған нормативтік құқықтық кесімдердің, баптардың
нөмірлері)

бұзғаны үшін ____ теңге сомасында айыппұл түріндегі әкімшілік шара
қолдануға тартылсын. Айыппұл _____

(қандай бюджет, банк шотының

нөмірі көрсетілсін)

отыз күннен кешіктірілмей төлеуге жатады.

Алынған құжаттар мен заттар қайтарылды _____

(құқық бұзушының аты-жөні, қолы)

Қаулы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар
туралы кодексінің 655-бабына сәйкес қаулы көшірмесі табыс етілген
күнінен бастап он күндік мерзімде шағымданылуы мүмкін.

Қаулының көшірмесін алдым _____

(құқық бұзушының аты-жөні, қолы)

Ескерту: Кодекстің 707-бабында белгіленген мерзімнің өтуі
бойынша құқық бұзушыға Кодекстің 708 немесе 709-баптарында
белгіленген шаралар қолданылатын болады К010155_ .

(лауазымы, аты-жөні) (қолы)

М.О.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Көліктік бақылау комитеті

Көліктік бақылау комитеті Төрағасының
2001 жылғы 15 мамырдағы
N 38 - п б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген Нұсқаулыққа

(аумақтық басқарманың атауы) 7-қосымша

**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша
қаулыға шағым (наразылық) бойынша**

ҰЙҒАРЫМ

N___ сериясы _____

200 жылғы "___" _____

(жасалған күні) (жасалған орны)

Мен _____

(лауазымы, облысы, қаласы, аты-жөні)

(аты-жөні, заңды тұлғаның атауы)

(жеке тұлғалар үшін лауазымы, жұмыс орны толық көрсетіледі)
қатысты N___ сериясы _____ 200___ жасалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым (наразылық) бойынша және оған қоса берілген материалдарды қарай келіп,

АНЫҚТАДЫМ:

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің K010155_ 664-бабын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

N___ сериясы _____ 200___ жасалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы _____

(қабылданған шешім)

Ұйғарымға азаматтық процессуалдық заңнамада белгіленген тәртіпте шағымдану, наразылық білдіру мүмкін. Қаулының көшірмесін алдым _____

(құқық бұзушының аты-жөні, қолы)

(лауазымы, аты-жөні)

(қолы)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ